

Дуйсебаева Айбуби Иманалиевнаның
8D02206 – «Тарих» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) ғылыми жәрежесін алу үшін дайындаған
«The animal face of imperial power: Kazakh animal husbandry and tsarist
veterinary services, 1868-1917»
(Ресей Империясының ветеринарлық қызмет жүйесі және қазақтың
дәстүрлі мал шаруашылығы, 1868-1917 жж.)
тақырыбындағы диссертациясына

АҢДАТПА

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық зерттеу отарлау кезеңінің соңындағы қазақ даласына империялық ветеринарлық тәжірибелерді енгізу мәселелеріне арналған. Қамқорлық риторикасы мен техникалық прогресті жалау етіп, Ресей империясы қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығына ветеринарлық қызметті енгізу арқылы өз билігін күшейтті, ықпалын сездірді, қазақ шаруашылығының ішкі құрылымына өзгерістер енгізді. Бұл өз кезегінде ветеринарияның – қазақ даласын отаршылдық басқарудың, жаңа өмір сүру формасы мен қоршаған орта қалыптастырудың бір бөлігі екенін көрсетеді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Зерттеудің өзектілігі, ең алдымен, отандық тарихнамада дүниежүзілік тарих ғылымының жаңа зерттеу стратегиялары негізінде жазылған зерттеулердің жетіспеушілігімен негізделеді. Заманауи тарихнамаға тән қасиеттер болып пәнаралық, өзге әлеуметтік ғылымдар әдістерін пайдалану, микродәрежелі зерттеулерге қызығушылық, тарихи дереккөздің басқа да түсініктері, сондай-ақ, адамзат тіршілігінің жаңа қырларына назар аударатын жаңа тарихи субпәндердің пайда болуы саналады. Соның бірі – қоршаған орта тарихы. Тарихнамалық бағыт ретінде әлемдік деңгейде еуропалық отаршылдық пен қанаушылық иеленген жойқын күштерді және табиғатты пайдаланудың жергілікті жүйесін зерттеу арқылы қоршаған орта тарихы кеңейтіліп, отаршылдық тарихтың ғаламдық көріністерін қосты. Қоршаған орта тарихындағы отаршылдық мәнмәтіні концептін отаршылдық және ішкі жүйені сапалық өзгерту секілді теориялық негізін анықтады. Бұл концепцияның бастапқы пункті болып шеткі аймақты жабайы, табиғи әлем деп, ал орталық, батыс аймақтарды өркениетті әрі мәдени дамыған қоғам деп қабылдауы болып табылады.

Осы кезеңде тарих ғылымы «антропоцентризм» сынын ескере отырып, «әлемді адам құндылықтары мен тәжірибесі тұрғысынан қарастыруға», яғни табиғи ортаға қатысты адамның басымдығына қарсы болатын адам мен табиғат әлемі арасындағы тарихи байланыстар интеграциясын басынан өткізді, ал бұл экологиялық парадигма қозғалысы «human-animal interactions» секілді басқа «қатынастардың» дамуына жол ашты. Жануарлар мен адамдардың қатынасы жайлы құрастырылған тарихи әдебиет, жануарлармен қатынастарды өзгертетін, гуманитарлық ғылымдарда «animal turn» аталатын көлемді бөлімнің бөлшегі болып, «animal history» секілді жаңа субпәнді атау

калыптастырудағы жаңа «шақыруға» жауап берді. Гуманитарлық ғылымдардағы «жануарларға бетбұрыс» өзгерістерінен соң пәнаралық ерекше байланыстардың дамытатын, жасалған тұжырымдарды негіздеу үшін тарихи дереккөздерді оқуға мүмкіндік беретін, философиядан ветеринарлық медицинаға дейін, ғылымның басқа да салаларынан қағидалар немесе теорияларды алудың уақыты туындады.

Қазақ даласына жаңа ветеринарлық тәжірибелерді енгізу мысалында бұл әрекеттің икемділік пен сындарлылықтың белгісі немесе Ресей империясының әлеуметтік тәжірибеге қол сұғушылық механизмі болғанын анықтай аламыз. Бұл өз кезегінде, жануарлар тарихы мен империализмді зерттеудегі үрдіс пен әлеуметтік, саяси, экономикалық және «қоршаған орта» тарихы байланысының жиынтығы, жаңашыл бағыт пен жаңа өлшемдегі Қазақ даласындағы отаршылдық көріністері мәселелерін қолға алып, ашуға мүмкіндік береді. Бұл ретте, табиғаттың/қоршаған ортаның жаңа жүйемен қатынасын ғана емес, ең басты фактор – жануарлармен қатынасын қарастыру маңызды болып табылады.

Зерттеу нысандары: кейінгі империялық кезеңдегі империялық ветеринарлық тәжірибелер.

Зерттеу пәні: қазақ қоғамының ішкі жүйесіндегі сапалы өзгерістерге бағытталған кейінгі империялық кезеңдегі қазақ халқының арасында ветеринарлық тәжірибені реттеу саясаты.

Зерттеудің мақсаты: 1868-1917 жылдардағы қазақ жерінің империялық ветеринарлық қызмет жүйесіне енуіне талдау жасап, қазақ мал шаруашылығы тәжірибесінің қаншалықты өзгергенін көрсету.

Зерттеудің міндеттері:

1. Қоғамдық өмірді реттеудің жаңа әдістерін енгізу мәселесін зерттеудегі негізгі бағыттар мен тұжырымдамаларды анықтау;
2. Торғай өңіріндегі ветеринарлық қызмет жүйесінің қалыптасуы мен дамуы мәселесін отаршылдық жоба ретінде зерттеу үшін негізгі дереккөздер кешенін жіктеп, талдау;
3. Торғай облысы мысалында қазақ даласында патшалық ветеринарлық қызметті ұйымдастыру мен жүзеге асыру ерекшеліктерін анықтау;
4. Өңірдегі қалыптасқан эпизоотиялық жағдайды және ветеринарлық қызметтің малды айдау жолдары мен пункттерінде оқшауланғанын көрсету;
5. Облыстағы ветеринарлық тәжірибенің одан әрі дамуына кедергі келтіретін жалпы мәселелерді және «дұрыс отарлау» жобасындағы ветеринардың рөлдерін анықтау;
6. Ветеринарлық тәжірибені реттеудің жаңа формаларын, әдістерін және механизмдерін көрсету;
7. Қазақ мал шаруашылығының ішкі механизмдеріндегі сапалық өзгерістерді анықтау.

Зерттеудің әдістемелік негізі. Жаңа әдістемелік тәсілдер «саналы басқару» – governmentality концепциясы ретінде ұсынылған, яғни мемлекеттік мүддеге негізделген отаршылдық мемлекеттік риторика ретінде

қарастырылады. Империялық отаршылдық билік өз мүддесі үшін тәуекелдерді барынша азайтып, халықтың әл-ауқатын арттыруға ұмтылды. Халық өмірінің барлық салаларына, оның қоғамдық және жеке өміріне араласты.

Зерттеудің хронологиялық шеңбері XIX ғасырдың 60-жылдарындағы әкімшілік реформаларға сәйкес айқындалды. Бұл реформалар алғаш рет Қазақстанды түгелдей дерлік қамтыды. Олар Қазақстанның Ресейге қосылу үдерісінің толық аяқталғанын атап өтіп, Ресей үкіметінің қазақ даласындағы саяси ұстанымын нығайтты. Екіншіден, 1868 жылғы далалық облыстарды басқару туралы «Уақытша ережеде» бұрын айтылмаған мал шаруашылығы, керуен жолдары, жәрмеңке мәселесіне елеулі орын берілді. Соның салдарынан ветеринария қазақ мал шаруашылығын қорғауға қажетті қамқорлық көрсетпей, тек мал-өнеркәсіптік капиталға ғана қолдау көрсетті. Кейіннен ветеринарлық қызметтің шекаралық пункттерін күшейту арқылы ветеринария қазақ даласынан Ресейге эпизоотиялардың енуіне тосқауыл қоюға, мал саудагерлерінің мүдделерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қызмет ете бастады. Үшіншіден, шаруалардың Қазақстан аумағына жаппай қоныс аударуы XIX ғасырдың екінші жартысында, 1861 жылы крепостнойлық құқық жойылғаннан кейін басталды. Қоныс аударудың негізгі себебі Ресейдің орталық және оңтүстік аймақтарында жер тапшылығы болды. Хронологиялық шеңбердің жоғарғы шегін 1917 жыл деп таңдау – империяның күйреуі – Ресей империясының өмір сүруінің тоқтатылуымен байланысты.

Зерттеудің аймақтық шекарасы ретінде Торғай облысы айқындалып, кейс-стади шеңберінде зерттелді. Бұл таңдау бірнеше себептерге байланысты болды. Ең алдымен, Торғай облысы қазақ даласы мен Ресей империясының байланыс аймағы болды. Бұл өлке Орынбор губерниясына жақын шекаралық аймақ ретінде ерекше орын алды. Екіншіден, Ресейде крепостнойлық құқық жойылғаннан кейін дәл осы Торғай облысы аумағында қоныс аудару қозғалысы ағымы күшейіп, кейіннен бұл өлке қоныс аударушылар мен қазақ қоғамы арасындағы байланыс аймағына айналды. Орынбор генерал-губернаторлығы жойылғаннан кейін аталған өлке өте үлкен экономикалық мәнге ие болып, енді Орта Азия мен Ресейдің ішкі губерниялары арасындағы жаңа қатынастардың байланыс аймағына айналды. Аймақтың экономикалық әлеуетіне қосымша транзиттік жолдардың жаңа міндеті қосылды, онда Торғай облысы Ресейден Орта Азияға өтетін тиімді сауда жолдарының тоғысқан жерінде орналасты. Бұл облыс аумағы арқылы темір жолдардың салынуына ықпал етті (Орынбор-Ташкент темір жолы).

Зерттеудің дереккөз базасы. Зерттеудің теориялық және әдіснамалық базасы постструктурализм – әртүрлі мағыналарды анықтау, құбылыстардың мәнін әртүрлі түсіну негізінде кең көлемді дереккөздер жинақталды. Сондықтан дереккөздер екі топқа бөлінді. Біріншісі – Ресей империясынан шыққан. Екіншісі қазақтардың тарапынан шыққан деректер. Екі топқа бөліну шартты түрде мал атаулыға деген көзқарастары арасындағы айырмашылықты көру қажеттілігінен туындады. Сонымен бірге, Ресейдің адам мен табиғи орта арасындағы қарым-қатынасқа араласуы қазақ түсінігінен қаншалықты ерекшеленді. Осыған сүйене отырып, XIX ғасырдың екінші жартысындағы

статистикалық-зерттеу экспедицияларының қызметтік құжаттары, зерттеу материалдары, бірқатар ғылыми-публицистикалық еңбектер, ресми мақсатта жасалған және пайдаланылған отаршыл үкімет өкілдерінің ғылыми еңбектері, сонымен қатар, шартты түрде жіктелген әрі бірнеше топқа бөлінген фольклорлық және этнографиялық дереккөздер зерттеудің деректік негізі болып табылады. Бұл түрлердің жүйеленуі мен жіктелуі олардың себептерін, заңдылықтарын және өзгерістерін зерттеген семантикалық мағыналарды, дереккөздердің жанрлық ерекшеліктерін талдаулармен толықтырылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы қазақстандық тарихнамадағы ғылыми мәселені тұжырымдаудың жаңа сипатында. Отандық тарихнама ветеринарияға, ветеринарлық тәжірибеге және жануарларға қатысты тақырыптар отаршылдық зерттеу объектісінен тыс қалдырылған. Жұмыста алғаш рет қоршаған орта тарихы, *animal turn* және М.Фуконың постструктуралистік әдістемесі, осы 3 парадигманың түйіскен жерінде отаршылдық басқарудың жаңа формаларын ендіру дәрежесін анықтауға арналған зерттеу әдістемесі тұжырымдалған. Зерттеудің жаңашылдығы деректік базаның сипатымен де айқындалады. Тарихнамада тұңғыш рет іс қағаздарымен қатар, ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы статистикалық-зерттеу экспедицияларының зерттеу материалдары, бірқатар ғылыми-публицистикалық еңбектер, империялық саясат жүргізушілердің ғылыми еңбектері, фольклорлық-этнографиялық дереккөздер талданады. Бұл мал шаруашылығына байланысты күнделікті тәжірибелерді және қазақ халқының ішкі дүниетанымын көрсетуге мүмкіндік береді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Қазақ даласында ветеринарлық қызметтің қалыптасуы мен дамуына эпизоотиялық ошақтар ықпал етті, бұл даланың көшпелі халқына да, отырықшы тұрғындарына да әсерін тигізді.
2. Ветеринарлық қызметтің малды айдау жолдары мен пункттерінде оқшаулану сипаты, жергілікті тұрғындардың көшпелі малына қатысты ветеринарлық қызмет жұмысына шектеу қойды.
3. Азаматтық ветеринарлық желінің кеш қалыптасуы, ірі қара малдың оба ауруы төңірегінде шоғырлануы, сауда-өнеркәсіп саласының мүддесін қорғауға бағытталған іс-шаралар қазақ даласында ветеринарлық қызметтің отаршылдық құрылымын қалыптастырды.
4. Жұқпалы аурулармен күрес жергілікті көшпелі халықтың қозғалысы мен өмір сүру тәртібін шектеді. Қазақтар мемлекеттік әкімшілікпен, мал дәрігерлері мен фельдшерлермен кездесуге мәжбүр болды, жаңа заңдар, ережелер мен тыйымдарға жиі ұшырай бастады.
5. Ветеринарлардың қызметі «дұрыс отарлау» жобасының бір бөлігі, «империяның құралы» ретінде қарастырылды.
6. Малға екпе егу қазақ халқының қоғамдық және жеке кеңістігіне үздіксіз бақылау мен араласу тәжірибесіне айналды.
7. Патшалық билік қазақ даласын әскери, ауыл шаруашылық және өнеркәсіп салаларына арналған жылқылардың шексіз көзі ретінде қарастырды.

8. Қазақтардың мекен ету ортасының жоғалуы, көші-қон жолдарының қысқаруы, мал мен мал өнімдеріне сұраныстың артуы қазақ қой шаруашылығының құлдырап, мәдениеттің негізгі элементінен айырылу қаупін тудырды.

9. Мүйізді ірі қара мал қазақтардың малшылық өмірінің тез және түбегейлі өзгеруінің негізгі субъектісіне, мал құрамының сапалық өзгеруінің маңызды элементіне және мал шаруашылығы мен оның әл-ауқатының құлдырауының символына айналды.

10. Мал құрамындағы сапалық өзгерістер процесі қазақ малшыларының дәстүрлі тұрмыс-тіршілігін өзгертті. Малды тұрақты қорада ұстау, жерді пайдаланудың жаңа тәжірибесі шөп шабудың дамуына ықпал етті. Соңғысы қазақ халқының «малшылық» шаруашылығының формаларынан ауытқуына ғана емес, сонымен бірге қоршаған ортаға да үлкен әсер етті. Топырақ жамылғысының құнарлылығының төмендеуіне ықпал етті. Аталған екі жақтың әр түрлі өмір сүру салты қоршаған ортаға әр түрлі әсер етті, дала кеңістігіндегі табиғат-адам-жануар тұрақты триадасына өзгерістер енгізді.

Жұмыстың ғылыми және қолданбалық маңызы. Зерттеудің қолданбалы маңыздылығы оның ғылыми-зерттеу жұмыстарында, оқытуда, оқу курстары мен бағдарламаларын дайындауда, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді жазуда қолдануға болатын тұжырымдамалық тәсілдердің ұсынылуында. Бұл жұмыста қолданылған теориялық және әдістемелік тәсілдер негізінен көшпелі халықтардың тәжірибесіне ғана емес, басқа аймақтарды зерттеуде де қолданылуы мүмкін, өйткені қоршаған орта тарихының бірнеше қызығушылықтары бар, олардың бірі материалдық, келесі мәдени/интеллектуалдық, ал соңғысы үшін саяси аспект маңыздылығы болып табылады. Ол осы қатынастарды өмірдің барлық салаларында кеңейтіп, көрсете алады.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі. Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер диссертацияның мазмұнын жүйелі ашатын тақырыптарға сәйкес отандық және шетелдік басылымдарда 8 мақалада жарияланды: оның ішінде Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда – 4; отандық және халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында – 3; Web of Science деректер базасында индекстелген импакт-факторы жоғары журналда – 1.

Зерттеу жұмыстың құрылымы кіріспеден, төрт тараудан, пайдаланылған дереккөздер мен әдебиеттер тізімінен тұрады.